

1926 жылы «Султанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!» деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: «Ақын елінің тілі ғой, адал туган ұлы ғой, бүлік-бүлік өткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой. Жаннан, ардан безбесе, ақының қандай ел кәсірлемесін!» - деп жазған екен.

Султанмахмұт – шын мағынасында осы сөзге татитын ақын. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жана биікке көтеріп, заманының қайшылықты шындығын шығармаларында жан-жақты бейнелеген, көркем сөздің халықтық мән-мағынасын көтеріп, жана жанрларда ізденістер жасаған ол туган халқын отаршылдық пен ұлттық езгінің екі жақты қанауынан азат етуге, ел бостандығына үн қосты.

«Қараңғы қазақ көгіне ормелеп шығып күн болуға» ұмтылды. Қоғамдық шындық пен әділет жолын талмай іздеп, туындыларына арқау өткен ақын көп жабының бірі болып қалмай, от боп жанды, күйрықты жұлдыздай ағып өтті.

Султанмахмұт 1893 жылдың 28 қазанында туган. Шешесі қайтыс болғаннан кейін, болашақ ақын алты жасқа дейін әжесінің тәрбиесінде болады. Содан кейін Шокпыт екі баласын алып туган жері - Баянауылдағы ата қонысына көшеді. Торайғыр қоліне таяу жерден қыстау салады. Султанмахмұттың балалық шағы осы жерде өтеді. «Баян тауы Қозы Қорпештің Баян сұлуы туган тау деседі. Аспанмен тілдескен асқар шын, тік жартас, түпсіз күз, таудың ұшар басынан етегіне дейін сынсыған сыпсын қарағай, ақ қайын, барғын, мойыл, қиядан ойға, ойдан орманға сүнгіп, сыбырлап, бұрандаған бұра бүлак, шеккен алыптай асқар Баянның он қолтығында айнадай жарқыраған Сабындықол, сол қолтығында түндей түнерген Шойындықол (Жасыбай қолі бұрын солай аталған деседі), жамбасында тас аралды, көк күрақты Торайғыр қолі, жаз болса қокорай шалғын, көк балауса, жасыл жапырақ жеміс, тау іші ын-шын аң, бұта толған жыршы күс. Міне, сол секілді зәулім жаратылыстың бауырында бала Махмұт балдырғандай балалық шағын өткізеді» - деп жазған Жүсіпбек Аймауытов.

Султанмахмұттың аталары – Торайғыр, Шон деген кісілер қазақ даласына аттары көнінен таныс, атакты би, батырлар болған. Шон би есімі Қалмұқан Исабаевтың осы аттас романынан белгілі. Ал Торайғыр – елін сыртқы, ішкі жаудан қорғаған, белгілі батыр әрі би. Баян тауының бауырында Торайғыр есімімен аталған үлкен қол бар. Ақынның өз әкесі Өбүбәкір момын, кедей адам болған. Шаруасы күйсіз, үнемі малшы киімінде жүретін оны замандастары Шокпыт атандырған. Күнқоріс қамымен Шокпыт сол кездегі Омбы уезінің Шағрай болысына қарасты Қарауыл Шабар ауылында (Кейін Қокшетау облысының

Кызылту ауданына караган) бай жездесі – Шабар баласы Канапияны паналап, сонын малын баккан. Сол жакта вйленген. Жездесі сүйек жангыртпак болып Шаншарлы Жабайдын Зуфнун деген кызын әпереді.

Шокпыт кедей болганмен, жаны жомарт, кайратты, ескіше сауаты бар адам болган. Ол Султанмахмутты вйде оқытып, алгашкы сауатын ашады да, ауыл молдасына береді. Болашак акын Әлі, Тортай, Мукан деген молдалардан сабак салады.

Әкемнен әліп, биді вйде оқыдым.
Үйреніп намаз, сабак, жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл,
Өртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.

Тортайдан екі жылдай сабак алдым,
Ол байгүс аяган жок ойда барын.
Гылымнын орны бас пен кокіректе,
Бүйір шыгып, кампия тоймас карын.

Муканнан екінші жыл сабак алам.
Үйыктасам да конілім окуга алан.
Лепес кып озі бастап акын бол деп,
Дүгасын ыкыласпен берді маган, -

деп жазган Султанмахмут алгашкы олендерінін бірінде.

Султанмахмут бул молдалардын ішінен акындык жолга батасын берген деп, Мукан молданы ерекше атайды. Мукан озі де оленге вйір, ескі шыгыс сюжеттерін олен етіп жазатын, біреуді мактап, біреуді мазак етіп жанынан шыгаратыны бар адам болган. Ол шәкірттерін оленге кызыктырып, халык ауыз әдебиетімен, араб, парсы влгілерімен таныстырып отырған. Жогаргы оленді де акын 1907 жылы «Секілді омір кыска жарты түтам» деген атпен Мукан ыкпалымен жазганга вксайды.

1908 жылы Баянауылда Өбдірахман деген молда медресе ашып, Султанмахмұт соған оқуға барады. Онда екі жылдай оқыған болашақ акын оқуын бітірмей кетіп калуга мәжбүр болады. Оз үйінде жатып оқыған баланы молда малай орнына жұмсайды, оның үстіне катал ұстап, әр түрлі сылтаулармен ұрып-соғатын болады. Молданың надандығын, каталдығын айтып, Султанмахмұт сықак олендер шығарады. Молда баланы одан әрі жазалап, оған жазуына тыйым салады. Жасынан әр түрлі молда алдын қорып, олардан жарытымды білім ала алмаған Султанмахмұттың діні мен молда жайлы қозғалысы осы кезден қалыптаса бастағанға ұқсайды. Ол молдалардың надандығын, ескі діни мектептің балаға ешнәрсе үйрете алмайтын схоластикасы мен катал тәртібін алғашқы олендерінің өзінде-ақ («Орнымыз медресе оқып жатқан», «Дін», «Соқыр сопы», т.б.) қатты сынға алады.

1911 жылы Султанмахмұт бір қыс бойы Нұргали деген мұғалімнен сабақ алады. Ол жанаша оқыған адам екен, оқушыларын пән негіздерімен таныстырып, олардың білімге деген ынтасын ұштайды. Нұргалидың көмегімен Султанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шығатын қорқам әдебиет кітаптары мен газет, журналдарды оқуға дағдыланады. Болашақ акын одан әрі оқуды армандайды.

Осы мақсатпен Султанмахмұт 1912 жылы Троицк қаласына барады. Онда Ахун Рахманқұли деген татардың медресесіне үкседі. Бірақ Султанмахмұт мұнда да ұзақ оқи алмайды. Тұрарға үй таппай, әрі қаражаты болмай көп қиыншылық қорған ол оқуға ауруына шалдығады. Медреседе қыс бойы ғана оқып, жазғытұрым Троицк манындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы - бала оқыта жүріп, денсаулығын қотеріп, қаражат жинап алып, қайта оқу іздеу болады. Мектептен бос кезінде ол өзі ізденіп оқиды, олендер жазады.

Қызге қарай Троицкіге қайта оралған Султанмахмұт тағы да оқудың ретін келтіре алмай, сонда шығатын «Айкап» журналына жауапты хатшы болып қызметке кіреді. Қыс бойы журнал редакциясында белсенді жұмыс жасаған ол 1914 жылдың қоктемінде жұмыстан шығады. «Айкап» хатшысы Султанмахмұт Торайғыров хатшылықтан шықты. Мұнан былай оның «Айкаппен» ешбір қатынасы болмайды» - делінген хабар журналда жарияланады.

«Айкапта» жемісті қызмет істеп, бірқатар шығармаларын бастырган, акындыққа бет бұруына жол ашылған шағында, Султанмахмұттың журналдан қызметтен кетуі - оның еркінен тыс болған оқиға. Оны өзі де «Мен өз пікірімді дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамадым. Махмұт қайбір адамның қоніліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым... «Айкапта» тұрған минуттарда бәкіл ғаламға өзім ие болғандай қотерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, қотерілетін не бар еді?» - деп мойындап жазған.

Кейбір мәліметтерге караганда, сол кездегі «Айкап» пен «Казак» газетінің арасындағы пікір таластары Султанмахмуттың тағдырына әсер еткен сияқты.

«Айкаптың» күзден бергі номерлерінде «Казактың», иә «Казакка» жазушылардың аты аталмаса, журнал мақсатына жете алмайтындай боп келеді. Бас қосу мәселесінде де «Казак» айыпты, жер мәселесінде де «Казак» айыпты, партия ісіне де себепші болып тұрған «Казак», «Айкапта» түс қорған оленші де «Казакты» жырлайды, циркке барып балуан қорғандердің есінен де «Казак» қалмайды, басқармадан біреуге жауап жазылса да, баяғы «Казак», казакка алалық қайдан келгенін жазғанда да аяғы келіп тағы да «Казакка» соғады, үлкен кісілерді де тіршілігінде «Казактың» пікірін қуаттағаны үшін соғеді» - деп жазыпты Міржәкып Дулатов «Айкап» пен «Казак» арасындағы тартыс туралы. Осы сөздің ұшығы Султанмахмутқа тиіп жатқаны даусыз. Ондағы «Казакка» тиіп жатқан «Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс» («Айкап», 1913, №20), «Бір балуанға қарап» (1913, №21) деген олендер Султанмахмуттыкі. Оның үстіне Султанмахмуттың «Казак тіліндегі олен кітаптары жайынан» («Айкап», 1913, №19, 20, 22-23), «Жана кітап» (Сонда, 1913, №17) атты мақалаларында М.Дулатов кітаптары сыналатынын ескерсек, «Казак» газетінің Султанмахмутты тікелей қоздегені расқа шығады. Пікірін «дүниеге шығаруда кісі бетіне қарамайтын» акын «Казактағы» ағаларын ренжітіп алғанға ұқсайды. Оз шығармаларына қоса «Айкап» бетінде басылған «Казак» газеті және ұстанымы туралы пікірлер де ұйымдастырушы есебінде Султанмахмуттың «кінәсі» саналған. Сондықтан «Казак» газетінің басындағылар «Айкаптың» шығарушысы М.Сералинге ықпал етіп, Султанмахмутты журналдан кетіруі әбден мүмкін. Редакцияның Султанмахмуттың кеткенін хабарлап, енді оның журналмен «ешбір қатынасы болмайды» деп жазуының өзі де «Казак» алдындағы ақталу сияқты.

«Айкаптан» кеткеннен кейін, 1914 жылдың жазында Султанмахмут өз еліне - Баянауылға барады. Аулында біраз уақыт бала оқытып, қаражат жинап алып, үлкен қалалардың біріне оқуға кетуді ойлайды. Ел жастарын оқуға, білім жолына тартатын мәдени-ағарту ұйымын құруға талап жасайды. Өзі «Шон серіктігі» деп атаған осы ұйымның алдына тұрмысы нашар, кедей оқушыларға көмектесу, оқуына қаражат беру, ел ішіне газет-журналдар алдырып, кітапханалар ашу, оған хат билетін адамдарды тарту, акын-жазушылардың шығармаларын бастыру міндеттерін қояды. «Серіктіктің» мақсаты акынның «Шон серіктігін» ашарда «Шон серіктігі» туралы көпке істеген баяндаманың басы», «Бұл баяндаманың арты мынадай сөздермен тынады» деген олендерінде де айтылған. Алайда, акынның ойы іске аспайды. Не «Шон серіктігіне», не өзінің оқуына қаражат жинап алмайды. Көмектесер деген үмітпен барған адамдары ықылас-пейіл танытпайды. Тағдырына наразылық білдірген біраз олендерді («Құнделік дәптерінен», «Қос үй», «Бір адамға») акын осы кездегі қоніл күйі әсерімен жазған. 1914 жылдың күзінде Султанмахмут Семей қаласына келеді. Бірақ томенгі дәрежедегі оқудан жасы асып кетіп, жоғарғы Дәрежедегі оқуға білімі сәйкес келмей, орналаса алмайды. Оз

бетімен кісі жалдап оқуға каражаты болмайды.

Бұл жағдайлар тағы да Султанмахмуттың көніліне күйін бұзады. Ақын ойының іске аспағанына, мақсатына жете алмағанына күйініп, жан дағдарысын бейнелейтін біраз өлеңдер («Ләнет бұлты шатырлап», «Алты аяқ», т.б.) жазады. Ақырында басқа амалы таусылған ол Алтай бойына (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданына) жалданып бала оқытуға кетеді. Онымен Семейде кездескен Ор Алтайдағы Каратай елінің болысы Әбдікәрім Ережепұлы Шынғыстай аулынан торт кластық мектеп ашқан екен. Соған орысша, қазақша оқытатын мұғалімдер тартқан. Султанмахмут қазақша бала оқытып, орыс мұғалімінен орысша сабақ алуды да ойлайды. Сойтіп Әбдікәрім болысқа еріп Катонқарағайға кетеді. «Катонқарағайға кеткенім, - деп жазды күнделігіне ақын, - ызаға шыдамай, ең шыны күн қору үшін. Қолымдағы каражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей - қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».

Катонқарағайда бірер жылдай істеген Султанмахмут кейін Зайсанға ауысады. Оған Әбдікәрімнің Багила деген қызына ғашық болуы, мұғалімнің ниетін білген болыстың қызын тездетіп, айттырған жеріне ұзатып жіберуі себеп болады. Султанмахмут осы тақырыпқа жана шығарма жаза бастайды да, «Әжібай болыс» («Кім жазықты?») атты өлеңмен жазылған романын Зайсанда аяқтайды. Оны «Қазақ» газеті жариялаған (Есенгүл Мамановтың қаржысы) роман бәйгесіне жібереді. Бірақ қолжазба жоғалып кетеді. Қазіргі қолда бар нұсқа - ақынның өзінде қалған, толық емес қолжазбасы.

1916 жылдың жазында патшаның қазақтардан солдат алу туралы жарлығының шығуына байланысты ел ішінде қобалжу басталады да, Алтай, Тарбағатай бойындағы ел Қытайға ауа бастайды. Султанмахмут осы кезде Семейге қайтады. Бірақ онда көп тұрақтамайды. Еліне барады. Содан күзде оқу іздеп Томск қаласына жол тартады. Онда Томск Технология институтының студенті Әлімхан Ермековтің (кейін математика профессоры болған, репрессияға ұшыраған) көмегімен даярлық курсына түсіп орысша оқиды. Әрі емделеді. Тұрмыс қиыншылығына қарамай, орысша білім алуға жол ашылғанын ол қуаныш етеді. Сол кездегі күнделігіне: «Жұмасына екі ғана обед етем (ет татам). Күр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәртебе болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным - ала қағаздың беті... Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жұқ салса да, қотерем. Бірақ көнілім оқуда болмақ», - деп жазады. «Ол бір қыстың ішінде орыс тілі грамматикасын, әсіресе, синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды. Орысша жақсы сойлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде, өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л.Толстойдың, Руссоның, т.б. саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оны терең түсінетін еді» - дейді Ә.Ермеков.

1917 жылдын ақпанында Ресейде буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жөніп, патшаның тақтан түскені мәлім. Патша отаршылдығы мен қоғамдық әділетсіздікке қарсы күрескен

Султанмахмұт «Мұндай заманда қазақ оқығандарының қазақ ішінде болмауы иттік» деп, 1917 жылдын 10 наурызында Семейге келеді. Семейде ұйымдасқан Қазақ комитетінің жұмысына қатысады. 1917 жылдын жазында Алаш партиясының құрылуын, Ұлттық автономия ұйымдастыру талабын қолдап «Алаш ұраны», «Таныстыру» сияқты шығармалар жазады. «Сарыарқа» газетінде оғандар мен мақалалар жариялайды. 1917 жылдын қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алушылар ішінде болып, «Әлиханнның Семейге келуі» («Сарыарқа», 1917, 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласын бастырады. Онда ұлт қосемінің халықтық еңбегі мен оны қарсы алушылардың сезімі қотерінкі күйде суреттеледі. Осындай қарбаласта жүріп Султанмахмұт денсаулығын нашарлатып алады. Қыс бойы Тобықты ішіне барып, қысыр сауғызып қымыз ішіп емделеді. Бірақ мендеген ауру бой бермейді. Қайтып келіп қорынған Семей дәрігерлері де жарытымды кеңес бере алмайды. Содан ол туган еліне - Баянауылға кетуге мәжбүр болады. Бұл кезде жана құрылған кеңес оқиметінің ықпалы ел ішінде тарай бастаған еді. Ол Керекудегі революциялық комитет жұмысына қатысып, елдің кедей шаруаларына ара түседі, дау-жанжалдарды әділ шешуге араласады. Елде ол қоғам дамуының жолы, таптар тартысы мен күресі жайында көп ойланады. Саяси-философиялық әдебиетке көбірек қоніл боліп, К.Маркстің, Г.В.Плехановтың, Н.Г.Чернышевскийдің, В.И.Лениннің шығармаларын оқиды. «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» сияқты поэмалар мен «Осы да әділдік пе?», «Он бе, түс пе?», «Дауылдағы өбігер», «Гайса кім?» деген оғандар жазады. 1920 жылы 21 мамыр күні ұзаққа созылған аурудан Султанмахмұт қайтыс болады.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІН ТАРИХЫ. ОН ТОМДЫҚ. АЛМАТЫ: ҚАЗАҚПАРАТ, 2006. - т. 6. - 249 - 292 бет